

Серік ДЕМЕСІНҰЛЫ

Осы жылғы 15-інші ақпанда Орта Азия мен Қазақстан Республикасының қазақша күрестен бірнеше дүркін жеңімпазы, спорт шебері, зейнеткер Серік Демесінұлы ұзаққа созылған ауыр науқастан қайтыс болды.

Серік Демесінұлы 1936-ншы жылы 25-інші қарашада Шет ауданы Өспен ауылының Айғыржал бөлімшесінде дүниеге келді. 1956-ншы жылы Қарағанды қаласындағы №2-нші мектепті бітіргеннен кейін еңбек жолын өзінің туған ауылында бастады. Спортты өміріне серік еткен ол көп ұзамай ірі жарыстардан көрініп, еліміздің басты командасының құрамына алынады. Одақтық жарыстарға қатысып, жеңімпаз болады.

С. Демесінұлы 1963-інші жылдан аудандық жасөспірімдер мектебінде зейнеткерлікке шыққанға дейін жаттықтырушы болып, жемісті еңбек етті. Ол ауданымыздаспорт шеберлерін даярлауда өзіндік сүбелі үлесін қосты.

Өзінің саналы өмірін спортқа арнаған С. Демесінұлының жарқын бейнесі оны білетіндердің есінде әрдайым сақталады.

К. Сарханов, Р. Оразханов, Р. Әбдікеров, Б. Жұмкин, Р. Максұтов, Б. Төлеуқұлов, Ж. Сүлейменов, Ж. Ақыжанов, К. Жаксыбеков.